



Тауарларды сатып алу жөнінде шарт №1129086/2025/1

11.08.2025 жылғы

АО "Казхателеком" атынан, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын Алматы қол жеткізу желілерін пайдалану департаментінің директоры Есімбеков Бауыржан Әбдіханиұлы негізінде әрекет ететін Сенімхат №3357441511 10.06.2024 бастап, атынан, бір тараптан, және "Optics Service" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, Директор ӘМІР ҚҰРБАНБАЙ ҚАЙЫПҰЛЫ негізінде әрекет ететін Устава, атынан екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталып, ал жеке жоғарыда көрсетілгендей «Тарап» деп аталып, «Самұрық-Қазына» Әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі - Тәртіп) сәйкес және Нәтижелер хаттамасы № 1129086 негізінде, тауарды сатып алу туралы осы шартты жасасты (бұдан әрі - Шарт) және төмендегі туралы келісімге келді.

Өнім беруші осы шартқа қол қоя отырып:

- заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет етуші кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын;
- осы шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулердің, тыйымдардың болмайтынын;
- осы шартқа қол қоярдың алдында барлық өзінің кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және теңестіргенін растайды.

1. Шарттың мәні

1.1. Өнім беруші Тауарларды Шартта көрсетілген бағалар, өлшемдер және басқа да талаптар бойынша (бұдан әрі - Тауар) Тапсырыс берушінің меншігіне жіберуге және беруге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында Тауарды қабылдауға және оған ақы төлеуге міндеттенеді.

1.2. Өнім беруші Тапсырыс берушіге шартқа қол қойылған сәттен бастап тауар Өнім берушінің меншік құқығына тиесілі екенін, тауарға қатысты үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтары және (немесе) ауыртпалықтары жоқ екенін, оның ішінде: тауарды иеліктен шығару тыйымы салынбағанын, кепіл заты және үшінші тұлғалардың алдында міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етудің өзге тәсілі болып табылмайтын, тауарға қатысты заңдық талаптардың жоқ екенін, тауардың заңнама талаптары бойынша айналымнан алып тасталмағанын және айналымда шектелмегенін, Қазақстан Республикасының аумағында сатуға тыйым салынбағанын растайды және кепілдік береді.

1.3. Жеткізілетін тауар Тапсырыс берушіге жаңа, бұрын пайдаланылмаған (қолданылмаған немесе пайдаланылмаған) күйінде берілуі, сондай-ақ Шарттың барлық талаптарына және осы тауарға қойылатын заңнама талаптарына сәйкес келуі тиіс.

1.4. ЖЖМ жеткізу (өткізу) күні ЖЖМ-ды сатып алушыға нақты жөнелту (ЖЖМ алу) күні болып есептеледі. ЖЖМ жеткізу талон және/немесе карточкалық жүйе арқылы жүзеге асырылады. Бұл ретте талондарды Тапсырыс берушіге беру фактісі өнім берушінің ЖЖМ жеткізу бойынша міндеттемелерін орындағанын растау болып табылмайды (бұл тармақ ЖЖМ сатып алған жағдайда қолданылады).

2. Шарттың құны және төлеу шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы 1061986.24 (бір миллион алпыс бір мың тоғыз жүз сексен алты теңге, жиырма төрт тиын) Теңге ҚР ҚКС-ты қоса алғанда құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды, Шартта және Тәртібіне көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

2.4. Шарт сомасының кемінде 0% мөлшеріндегі аванстық төлемді (ұзақ мерзімді сатып алу кезінде – ұзақ мерзімді шарттың қолданылу мерзімі келесі 12 (он екі) айына тауарды жеткізу үшін көзделген соманың кемінде 30% - ы) (алдын ала төлемді) Тапсырыс беруші шарт жасалған және берілген күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізеді. Осы тармақтың қолданылуы Тәртіптің 61-бабының 9-тармағына сәйкес сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерне немесе сатып алынатын тауарды өндіретін мүгедектер ұйымына (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаға-мүгедекке) қолданылады.

2.5. Өнім беруші аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тартқан немесе осы тармақта белгіленген мерзімде алдын ала төлем шотын ұсынбаған жағдайда, осы аванстық төлем (алдын ала төлем) жүзеге асырылмайды.

2.6. Жеткізілген тауарлар үшін ақы төлеу, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу тараптар қол қойған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі

Жеткізілген тауарлар актісі (лері) (бұдан әрі-қабылдау - беру актісі (лері) және мынадай құжат (лар) ұсыну:

2.6.1. Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлардағы елішілік құндылық үлесін электрондық құжат нысанында есептеу (электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады.

2.6.2. Фактура-шоттар;

2.6.3. Тауарды қабылдау-тапсыру актісі.

2.6.4. Тауарды қабылдау-тапсыру актісінің күні Тапсырыс берушінің тауарды қабылдау-тапсыру актісіне қол қойған күні болып есептеледі.

2.7. Өнім беруші заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Қабылдау-беру актісін (актілерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал





арқылы жібереді.

Электрондық түрде Веб-порталда Тауарларды қабылдау-беру актісін (актілерін) қалыптастыруға және қол қоюға жол беріледі.

Ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) орындау кезінде түпкілікті есеп айырысу тиісті жұмыстарды (қызметтерді) орындағаннан кейін Шарт бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

Бұл ретте ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) орындағаны үшін төлемді ұстап қалу Шарт сомасының 20%-ынан аспауы тиіс.

2.8. Монтаждау және іске қосу-жөндеу жұмыстарының талаптары бойынша тауар жеткізілген жағдайда, техникалық ерекшелікте өзгесі көрсетілмесе, жеткізілген тауар үшін түпкілікті есеп көрсетілген жұмыстар аяқталғаннан және пайдалануға беру актісіне қол қойылғаннан кейін толық көлемде жүзеге асырылады.

2.9. Тапсырыс беруші төлемге тиісті түрде ресімделмеген құжаттарды ұсынбаған/ уақтылы ұсынбаған/ тиесілі түрде ұсынбаған жағдайда төлемді кешіктіргені үшін жауапты болмайды.

2.10. Нақты жеткізілген тауар үшін төлем бұрын төленген алдын ала төлемді ескере отырып жүргізіледі (егер осы талап сатып алу тәртібінде / шарттарында көзделген жағдайда осы тармақ қолданылады).

2.11. Салық мөлшерлемесі бойынша ҚҚС салық міндеттемесінің туындауына және Өнім берушінің фактура шотты ұсынуына қарай төленеді.

2.12. Жеткізілетін тауардың әрбір бірлігінің бағасы мен көлемі сатып алынатын тауардың тізбесінде көрсетілген (шартқа №1 қосымша) және тұрақты болып табылады және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде өзгертілмейді.

2.13. Шарт бойынша Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасындағы барлық есеп айырысулар Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында жүргізіледі. Бұл ретте, бейрезидент Өнім берушілермен есеп айырысу Тараптар келіскен бағам бойынша өзге валютада жүзеге асырылуы мүмкін.

2.14. Төлем осы Шартта көрсетілген банк деректемелері бойынша жүргізіледі.

2.15. Шарт бойынша төлемдер сомасы ҚР заңнамасына сәйкес бейрезиденттің кірістерінен ұсталуға жататын салықтар сомасына азаяды. Бұл ретте Өнім беруші тапсырыс берушіден ҚР Заңнамасы бойынша салықтың ұсталғанын растайтын құжатты алуға құқылы. Қосарланған салық салуды болдырмау туралы конвенция болған кезде, Өнім беруші Тапсырыс беруші елінің тиісті мемлекеттік органдарына ҚР бейрезидент заңды тұлғалардан табыс салығын қайтару немесе азайту туралы өтінішпен жүгінуге құқылы. Бұл ретте ҚР бейрезиденті (өнім берушінің атауы) (Өнім берушінің резиденттік елін көрсету) табыстың түпкілікті алушысы болып табылатынын растайды. Қосарланған салық салуды болдырмау және табыс пен капиталға салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы Қазақстан Республикасы мен (резиденттік елін көрсетіңіз) арасындағы Конвенцияны (бұдан әрі - Конвенция) қолдану мақсатында өнім беруші:

- табыс төленгенге дейін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес апостильденген не заңдастырылған салықтық резиденттік туралы анықтама (түпнұсқа/ нотариалды куәландырылған көшірме);

- бейрезидент заңды тұлғаның құрылтайшылары (қатысушылары) мен мажоритарлық акционерлерін көрсете отырып, нотариалды куәландырылған (құрылтай құжаттарының нотариалды куәландырылған көшірмелері не сауда тізілімінен (акционерлер тізілімінен немесе бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген өзге де ұқсас құжаттан) үзінді көшірмелер, сондай-ақ MLI (Multilateral Convention to Implement Tax Treaty Related Measures to Prevent Base Erosion and Profit Shifting) қолдану үшін қажетті қосымша мәліметтер. Бейрезидентте шет мемлекет заңнамасының талаптарына сәйкес құрылтай құжаттары немесе сауда тізілімінде (акционерлер тізілімінде немесе бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген өзге де ұқсас құжатта) тіркеу жөніндегі міндеттеме болмаған жағдайда, мұндай бейрезидент салық агентіне осы бейрезидент тіркелген, құқықтық күші (заңды) шетелдің тиісті мемлекеттік органымен расталған бейрезидентті құру үшін негіз болып табылған шетел мемлекетінің құжатын (актісін) ұсынады.

- өнім берушінің Қазақстан Республикасында тұрақты мекеменің құрылуына әкелетін кез келген жүйелі 12 айлық кезең шегінде жалпы 183 күнтізбелік күннен аспайтын кезең немесе кезең ішінде Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс көрсетпейтіні және/немесе орындамайтыны туралы растау-хат. Өнім беруші қызмет көрсету кезінде Қазақстан Республикасының салық резиденттері болып табылмайтын жұмыскерлердің немесе Өнім берушінің басқа да жалданған персоналының кез келген жүйелі он екі айлық кезең шегінде жиынтығында күнтізбелік жүз сексен үш күннен артық Қазақстан Республикасының аумағында болмауын қамтамасыз етуге міндеттенеді. Өнім беруші Конвенцияны заңды қолдану үшін талаптарды бұзған немесе сақтамаған жағдайда, мұндай бұзушылық фактісін Қазақстан Республикасының салық органы белгілейді немесе мұндай бұзушылық тәуекелі аудиторлық компанияның қорытындысы негізінде айқын (жоғары ықтимал) болады, соның салдарынан Тапсырыс беруші салық агенті ретінде Қазақстан Республикасындағы көздерден бейрезиденттердің кірістерінен тиісті салықты төлеуге міндетті болады, Өнім беруші Тапсырыс берушіге осы Шарт бойынша көрсетілетін қызметтерге Тапсырыс берушінің ақы төлеуіне байланысты Қазақстан Республикасындағы көздерден бейрезиденттердің кірістерінен Тапсырыс беруші нақты төлеген салық сомасын толық көлемде өтеуге міндеттенеді. (бұл тармақ ҚР бейрезиденті контрагент болған жағдайда қолданылады).

2.16. Қазақстан Республикасының аумағына тауарды импорттауға байланысты, тауарды кедендік тазартуға байланысты кедендік алымдарды және өзге шығындарды төлеуді өнім беруші жүргізеді. Тауардың Қазақстан Республикасының аумағына импортына





байланысты төленуге жататын салықтарды, кедендік баждарды төлеуді Өнім беруші жүргізеді, ал Тапсырыс беруші елінен тыс жерде тауарды жеткізуге байланысты барлық салық салуды, кедендік баждарды және басқа да шығыстарды Өнім беруші төлейді (бұл тармақ INCOTERMS 2010 шарттарына байланысты қолданылады) (егер ҚР бейрезиденті контрагент болған жағдайда, осы тармақ қолданылады).

2.17. Тапсырыс беруші елінің аумағында шартты және басқа да ілеспе құжаттарды орындау кезінде туындайтын банк шығыстарын Тапсырыс беруші төлейді, Тапсырыс беруші елінің аумағынан тыс - төлем алушы төлейді (егер ҚР бейрезиденті контрагент болған жағдайда, осы тармақ қолданылады).

3. Жеткізу мерзімі және шарттары

- 3.1. Өнім беруші Тауарды Шарттың № 1, № 2 қосымшаларына сәйкес мекенжай бойынша және мерзімінде жеткізуге міндетті.
- 3.2. Тауарды Өнім беруші Тапсырыс берушіге DDP (ИНКОТЕРМС 2010), Қазақстан Республикасы шарттарында жеткізеді.
- 3.3. Тауарды жеткізу күні Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілі қол қойған шығыс жүкқұжатына сәйкес тауардың жеткізу орнына Тапсырыс берушінің қоймасына түскен күн болып есептеледі. Тапсырыс беруші қол қойған қабылдау-тапсыру актісінде көрсетілген тауарды нақты қабылдау күні Тапсырыс берушінің тауарды қабылдау күні болып есептеледі. Тауарды Өнім беруші Тапсырыс берушіге қабылдау-тапсыру актісіне сәйкес және Шартқа №1, №2 қосымшаларға сәйкес саны мен сапасы бойынша береді. Тауарға меншік құқығы, сондай-ақ тауардың кездейсоқ жойылу, бүліну қаупі Тапсырыс беруші қол қойған қабылдау-тапсыру актісінде көрсетілген тауарды нақты қабылдаған күннен бастап Өнім берушіден тапсырыс берушіге ауысады. Жеткізуге байланысты шығыстар шарттың жалпы сомасына енгізіледі.
- 3.4. Өнім беруші Тапсырыс берушіге 3 (үш) күнтізбелік күн бұрын тауарды жөнелтуге (беруге) дайын болу мерзімі туралы жазбаша хабардар етеді. Өз тарапынан Тапсырыс беруші хабарламаны алған сәттен бастап күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде өнім берушіге тауарды өнім беруші ұсынған мерзімде қабылдауға дайын екендігі туралы немесе тауарды тиіп-жөнелтудің (берудің) өзге де ұсынылатын мерзімі туралы жазбаша хабарлайды. Егер Тарап тиісті хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде одан қандай да бір жазбаша қарсылықтар түспесе, хабарламада ұсынылған тауарды тиіп-жөнелту (беру) мерзімі келісілген болып есептеледі.
- 3.5. Жеткізуге жататын тауардың мынадай ілеспе құжаттары болуы тиіс:
- 3.5.1. Әр қаптаманың мазмұны көрсетілген қаптама парағының көшірмелері (әр қаптамаға 1 (бір) дана);
- 3.5.2. Дайындаушы (жөнелтуші) берген тауардың сапа сертификатының және/немесе техникалық паспортының түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері немесе дайындаушы берген тауардың толықтығы, оның техникалық сипаттамасы, пайдалану қағидалары, кепілдіктері туралы мәліметтерді немесе ақпарат тауардың өзінде және/немесе оның қаптамасында көрсетілсе не тауардың сапасы дайындаушының мөртабанымен немесе тауардың өзінде және/немесе көрсетілген белгілердің толық жазбасы бар оның қаптамасындағы белгілермен расталған жағдайды қоспағанда, тауардың сапасын және Қазақстан Республикасында танылған нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігін айқындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтитын өзге де құжаттар (тауардың әрбір түріне 1 (бір) дана) (егер сатып алу шарттарында көзделген жағдайда);
- 3.5.3. Қазақстан Республикасының сертификаттау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органы берген тауардың сәйкестік сертификатының белгіленген үлгісінің түпнұсқасы немесе көшірмесі (тауардың әрбір түріне 1 (бір) дана) не Кеден одағының декларациясы (егер сатып алу шарттарында көзделген жағдайда);
- 3.5.4. фактура шот (1 (бір) дана);
- 3.5.5. Жүкқұжаттың түпнұсқасы; (2 (екі) дана) (Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілі қол қойған шығыс жүкқұжатының екі данасының бірі көрсетілген шығыс жүкқұжаты бойынша тауарды алуға арналған сенімхаттың түпнұсқасымен бірге өнім берушіге қайтарылуы тиіс);
- 3.5.6. Инвойстың түпнұсқасы (1 (бір) дана) (Қазақстан Республикасының бейрезиденті үшін);
- 3.5.7. Көлік жүкқұжаттың түпнұсқасы (1 (бір) дана) (Қазақстан Республикасының бейрезиденті үшін);
- 3.5.8. Экспорттық декларацияның түпнұсқасы (1 (бір) дана) (Қазақстан Республикасының бейрезиденті үшін).
- 3.6. Өнім беруші ілеспе құжаттардағы ақпараттың дұрыстығына жауап береді.
- 3.7. Өнім беруші тауарды қоймаға жеткізу/тауарды (партияны) жүк жөнелтушіге беру күніне дейін күнтізбелік 3 (үш) күннен кешіктірмей тапсырысшымен жеткізілетін тауарға жөнелту құжаттарын келісуі тиіс.
- 3.8. Тауарды жеткізу бөгде көлік ұйымын тарту арқылы жүргізіледі. Бұл жағдайда, Өнім беруші өз атынан тауарды тасымалдауға шарт жасауға, тауардың жөнелтілуін қамтамасыз етуге, көлік ұйымының жеткізу бойынша қызметтеріне ақы төлеуге міндеттенеді. Бұл ретте, Өнім беруші көлік ұйымының әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін шартқа сәйкес жауапты болады.
- 3.9. Өнім беруші тауарды қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылған сәтке Өнім беруші жеткізген тауардың өндіруші зауыттарында өндірілгенін растайтын өндірушіден немесе оның ресми өкілінен жаңа, пайдаланылмаған және қалпына келтірілмегенін растайтын хат ұсынуы тиіс (Егер осы талап сатып алу тәртібінде / шарттарында көзделген жағдайда, осы тармақ қолданылады).

4. Тараптардың құқықтары және міндеттері

- 4.1. Өнім беруші міндетті:
- 4.1.1. Шарттың шарттарына сәйкес Тауарды жеткізу;





4.1.2. Тапсырыс берушіге жеткізілетін Тауарға құжаттарды Шартта көзделген мерзімдерде және шарттарда ұсынуға, оның ішінде:

4.1.2.1. Электронды құжат нысанында шарт шеңберінде жеткізілген тауардың барлық көлеміне (санына) шарттағы елшілік құндылық үлесінің есебі (Веб-порталда ұсынылады). Түпкілікті қабылдау-тапсыру актісімен бірге ұсынылады.

4.1.2.2. Сатып алынатын тауардың партиясына/сериясына СТ-KZ нысанының сертификаты (түпнұсқасы, нотариалды куәландырылған көшірмесі немесе ішкі айналым үшін тауардың шығу тегі туралы сертификат беру жөніндегі уәкілетті органның мөрімен куәландырылған көшірмесі) (егер осы талап сатып алу тәртібінде / шарттарында көзделген жағдайда осы тармақ қолданылады).

4.1.3. Шарттың талаптарына сәйкес тауардың саны мен сапасы бойынша Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктерді жоюға; Тапсырыс берушінің Өнім берушінің Тауарлардағы елшілік құндылықтың болжамды үлесін беруін талап етуге;

4.1.4. Сатып алу туралы шартты орындау шеңберінде жеткізілетін тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттардың ережелерінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынуға міндеттенеді;

4.1.5. Осы шартқа қол қойылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде, Өнім беруші сатып алынатын жабдықты өндіруші зауыттан не оның ресми өкілдігінен осы шарт шеңберінде сатып алынатын тауарға авторландырудың болуы туралы көрсетілетін авторланған хат беруге міндетті. Көрсетілген мерзімдерде авторланған хат ұсынылмаған жағдайда, Тапсырыс беруші шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тартуға құқылы. (Егер осы талап сатып алу тәртібінде / шарттарында көзделген жағдайда, осы тармақ қолданылады).

4.1.6. Өнім беруші Тапсырыс берушіге осы шартты жасауға және орындауға байланысты бухгалтерлік және өзге де қаржы-шаруашылық құжаттамаларға мерзімді аудит (тексеру) жүргізуге мүмкіндік беруге міндеттенеді.

4.2. Өнім беруші:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (төлемдерді) талап етуге;

4.2.2. Тапсырыс берушіден Тауарды уақытылы қабылдауды және Қабылдау-беру актілеріне қол қояды талап етуге.

4.2.3. Тапсырыс берушіден авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді уақытылы қайтаруды талап етуге (Егер қамтамасыз етуді Өнім беруші енгізген болса);

4.2.4. Тапсырыс берушіден шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уақытылы қайтаруды талап етуге (Егер қамтамасыз етуді өнім беруші енгізген болса);

4.2.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шарт бұзуға;

4.2.6. Қазақстан Республикасының заңнамасында, тәртіпте және (немесе) шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға.

4.3. Тапсырыс беруші міндетті:

4.3.1. Шарттың шарттарына сәйкес жеткізілген Тауарды қабылдау.

4.3.2. Өнім берушіден беру-өткізу актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде наразылықтар болмаған жағдайда беру-өткізу актісіне қол қою.

4.3.3. Шарттың шарттарына сәйкес төлемді (төлемдерді) жүргізу.

4.3.4. Тапсырыс берушіден алынған алдын ала төлем сомасына шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды енгізілген қамтамасыз етуді өнім берушіге қайтаруға (егер қамтамасыз етуді Өнім беруші енгізген болса);

4.3.5. Өнім беруші шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтаруға (Егер қамтамасыз етуді Өнім беруші енгізген болса).

4.3.6. Жеткізілетін тауарды жеткізу орнында және Шартта көрсетілген мерзімде қабылдасын.

4.4. Тапсырыс беруші құқылы:

4.4.1. Өнім берушіден Шартта белгіленген сапаға және санға сәйкес Тауарды алу.

4.4.2. Шарттың бағасын сәйкесінше азайтумен Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Жұмыстарды немесе Жұмыстардың кез-келген бөлігінен бас тарту немесе ақаулы өнім тізімдемесімен Өнім берушіге сапасыз Тауарды қайтару.

4.4.3. ҚР заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға және (немесе) Шарттан бас тартуға құқығы бар.

4.4.4. Өнім берушіден қойылған тұрақсыздық айыбы мен залал сомасын төлеуді талап етуге.

4.4.5. Өнім беруші тауарды мерзімінен бұрын жеткізген жағдайда, тауарды қабылдауға және шарт талаптарына сәйкес ол үшін ақы төлеуге.

4.4.6. Жеткізілген тауарға сапа мәселелері бойынша шағым туындаған жағдайда, сараптамалар, сынақтар, талдаулар және т.б. жүргізу үшін сынама үлгілерін іріктеп алу.

4.4.7. Осы Шартта белгіленген көлемде, мерзімде және сапада тауарды жеткізуді талап етуге.





4.4.8. Өнім беруші тауарды мерзімінен бұрын жеткізген жағдайда, тауарды қабылдауға және шарт талаптарына сәйкес ол үшін ақы төлеуге.

4.4.9. Осы шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

5. Тауарды тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Тапсырыс беруші жеткізілген тауардың оның техникалық ерекшелікке және шарттың өзге де талаптарына сәйкестігін тексеруге құқылы.

5.2. Жеткізілген тауарды қабылдау Тапсырыс берушінің өкілдері тексеру жолымен және осы шартта көзделген құжаттар негізінде жүзеге асырылады.

5.3. Тапсырыс беруші жеткізілген тауардың саны мен сапасы мәселелері бойынша шағымды Өнім берушіге тауарды жеткізген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде не қабылдаудың әдеттегі тәсілімен анықталмаған ақауларды (жасырын ақауларды) анықтау кезінде ұсынады. Егер өнім беруші 10 (он) жұмыс күні ішінде жауап бермесе, мұндай шағым жеткізуші мойындаған болып саналады.

5.4. Тауардың жеткіліксіз саны мен талап етілетін сапасы анықталған жағдайда, Өнім беруші хабарламаны алған сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде тауардың жеткізілмеген және сапасыз бөлігін жеткізуге міндеттенеді, бұл ретте тауардың жеткізілмеген бөлігін жеткізу жөніндегі шығыстар Өнім берушінің есебінен жүзеге асырылады.

5.5. Егер Тапсырыс беруші тауарды алған сәттен бастап 10 (десять) жұмыс күні ішінде өнім берушіге тауардың тиісті емес саны және/немесе сапасы туралы хабарлама жібермеген жағдайда, тауар Тапсырыс беруші қабылдаған болып есептеледі және осы шарттың талаптарына сәйкес төлеуге жатады.

5.6. Өнім беруші тауарды бере отырып, бір мезгілде Тапсырыс берушіге жиынтықтауыштарды, сондай-ақ оларға қатысты құжаттарды (жиынтықтылығын, сапасын, пайдалану тәртібін және т.б. куәландыратын құжаттарды) беруге міндетті.

5.7. Өнім берушінің тауарды жеткізу бойынша міндетін орындау сәтіне тауардың кездейсоқ бүліну немесе зақымдану тәуекелінің Өнім берушіден Тапсырыс берушіге өтуі, сондай-ақ Тапсырыс берушінің жеткізу орнында жүзеге асырылатын тауарды сапа және саны бойынша қабылдап алуы Өнім берушінің тауарды Тапсырыс берушіге тауарды беру бойынша тауарды нақты қабылдау сәті және Тапсырыс берушінің тауарға қойылатын сапа, саны, жиынтығы және өзге өлшемдері бойынша шағымдары болмағанда олардың қабылдау-тапсыру актісіне қол қоюы болып табылады.

5.8. Бұл ретте, тауарды Өнім беруші берген және Тауарды алушы қабылдаған болып есептеледі:

5.8.1. Саны, ассортименті және жиынтығы бойынша - тауарды оның нақты болуына қарай тексергеннен кейін: жүкқұжатты қоса алғанда, ілеспе құжаттарда көрсетілген орындардың саны, тауардың саны, ассортименті және жиынтығы бойынша;

5.8.2. Сапа бойынша - егер тауар міндетті немесе ерікті сертификаттауға жататын болса, сәйкестік сертификаттарына, тауар сапасының сертификаттарына сәйкес. Тауар қабылдау-тапсыру актісі бойынша оны беру сәтіне және онда Тапсырыс берушінің тауарды нақты жеткізу және қабылдау күні көрсетілген осы түрдегі тауар әдетте пайдаланылатын мақсаттарға жарамды, Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес келетін тиісті сапада және жиынтықта жеткізіледі. Өнім беруші Тапсырыс берушіге оның талабы бойынша қойылатын тауардың сапасын тексеру бойынша міндеттеме заңнамалық актілермен, міндетті ұлттық стандарттар талаптарымен, стандарттау бойынша өзге нормативтік құжаттармен немесе осы шартпен көзделген жағдайда, сынақтар, талдаулар, тексерулер және басқа да қорытындыларды беруге кепілдік береді.

5.9. Саны, ассортименті, сапасы, жиынтығы туралы талаптарға сәйкес келмейтін тауар бір немесе бірнеше талаптары келісілген нормативтік құжаттаманың талаптарына, стандарттардың, техникалық шарттардың талаптарына, осы шарттың талаптарына немесе тауардың сапасын куәландыратын ілеспе құжаттарда көрсетілген деректерге сәйкес келмейтін тауар болып есептеледі.

5.10. Жеткізілген тауарда кемшіліктер (саны, ассортименті, жиынтығы бойынша), жеткізілмеу фактісі немесе шарт талаптарына өзге де сәйкессіздіктер анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші бұл туралы Өнім берушіге 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлайды және Өнім берушінің қатысуымен сәйкессіздік актісін жасайды. Қажет болған жағдайда Тапсырыс беруші Өнім берушінің өкілімен және тәуелсіз сарапшымен бірлесіп сынақтар мен өлшеулер жүргізу үшін үлгілерді іріктеп алып, оларды аккредиттелген зертханаға тапсырады. Сынақтар мен өлшеулер хаттамаларын алған кезде 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Өнім беруші мен тәуелсіз сарапшының қатысуымен сәйкессіздік актісін жасайды. Өнім беруші хабарламаны алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қатысудан бас тартқан немесе қатыспаған жағдайда, актіні Тапсырыс беруші және тәуелсіз сарапшы біржақты тәртіпте: "актіге қол қойудан бас тартты" деген белгімен жасайды.

5.11. Бұл жағдайда, Өнім беруші 10 (он) жұмыс күні ішінде тиісінше жеткізілмеу фактісі бойынша шешім қабылдауға және ол туралы Тапсырыс берушіге хабарлауға міндеттенеді. Бұл ретте Өнім беруші өз есебінен техникалық ерекшелікке көрсетілген мерзімнен кешіктірмей, ал техникалық ерекшелік болмаған жағдайда, кемшіліктерді Тапсырыс берушіден хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей жоюға, кемшіліктерді, жеткізілмеу фактісін немесе шарт талаптарына өзге де сәйкессіздіктерді жоюға міндеттенеді.

5.12. Шарт талаптарына сәйкес келмейтін жеткізілген тауардан бас тартылған жағдайда, Тапсырыс беруші оның сақталуын қамтамасыз





етуге, жауапты сақтауға қабылдауға және жеткізілген тауарды қабылдаудың дәлелді негіздемесін жолдау арқылы бұл туралы Өнім берушіге дереу хабарлауға міндетті.

5.13. Тапсырыс беруші тауарды жауапты сақтауға қабылдаған жағдайда, Өнім беруші 7 (жеті) жұмыс күні ішінде көрсетілген тауарды әкетуге немесе тауардың тағдыры үшін одан әрі жауапкершілікті өз мойнына ала отырып, оны өзгеше түрде жұмсауға міндетті.

5.14. Егер Өнім беруші тауардағы кемшіліктер оны бергеннен кейін, Тапсырыс берушінің тауарды пайдалану немесе оны сақтау қағидаларын не осы шартқа қол қоя отырып, үшінші тұлғалардың іс-әрекеттерін немесе еңсерілмейтін күштің бұзылуы салдарынан туындағанын дәлелдей алмаса, Тараптар өнім беруші тауардың анықталған сәйкессіздіктеріне және (немесе) кемшіліктеріне байланысты Тапсырыс берушінің шағымын қанағаттандыруға міндеттенетінін келіскен.

5.15. өнім беруші мен Тапсырыс беруші арасында тауардың сәйкессіздіктері және (немесе) кемшіліктері немесе олардың себептері туралы дау туындаған кезде Тараптардың кез келгенінің талабы бойынша сараптама тағайындалуы мүмкін. Сараптама Өнім берушінің іс-әрекеттері мен тауардың анықталған сәйкессіздіктері және (немесе) кемшіліктері арасында шартты бұзушылықтардың немесе себеп-салдарлық байланыстың жоқтығын анықтаған жағдайларды қоспағанда, осы шығыстарды Өнім беруші кейіннен өтей отырып, талап етуі бойынша сараптама тағайындалған Тарап сараптама жүргізу жөніндегі шығыстарды көтереді. Мұндай жағдайларда сараптама бойынша шығыстарды оны тағайындауды талап еткен Тарап көтереді, ал егер сараптама Тараптар арасындағы келісім бойынша тағайындалса - екі тарап та теңдей көтереді.

6. Қаптама және таңбалау

6.1. Тауар тиісті қаптамаға салынуы тиіс. Қаптама жеткізу орнына дейін және қойма үй-жайларында сақтау кезінде тиісті көлік түрімен тасымалдау кезінде тауардың сақталуын қамтамасыз етуі тиіс. Қаптама мемлекеттік стандарттарға, техникалық шарттарға, басқа нормативтік-техникалық құжаттамаға сәйкес келуі керек. Қаптама қолмен және механикалық тиеу мүмкіндігін қамтамасыз етуі керек (жүк көтергішпен).

6.2. Қаптама (ыдыс) орыс және қазақ тілдерінде суға төзімді және өшпейтін бояумен таңбаланады. Таңбалау нақты болуы керек және келесі мәліметтерді қамтуы керек:

- 6.2.1. Тапсырыс беруші;
- 6.2.2. Жүк алушы;
- 6.2.3. Шарт нөмірі;
- 6.2.4. Тауар өндіруші;
- 6.2.5. Тауар саны;
- 6.2.6. Тауар белгісі;
- 6.2.7. Тауардың шартты белгісі;
- 6.2.8. Орын нөмірі (жәшік, контейнер);
- 6.2.9. Таза салмағы, жалпы салмағы;
- 6.2.10. Ыдыстың өлшемдері см. (ұзындығы, биіктігі, ені);
- 6.2.11. Таңбалаудың басқа да белгілері болуы мүмкін, олардың болуы тауардың ерекше сипатымен болжанады.

6.3. Өнім беруші экспорттық қаптама стандарттарына сәйкес келетін күшейтілген қаптамада, көліктің кез келген түрімен қауіпсіз тасымалдауда және осындай түрдегі тауарды сақтауда тауарды (тауардың кез келген және барлық құрамдас (жинақтаушы) бөліктерін) беруді қамтамасыз етеді.

6.4. Тапсырыс беруші сақтау бойынша техникалық және климаттық талаптар негізінде тиісті сақтау шарттарын қамтамасыз етуі тиіс.

6.5. Өнім беруші тауар ыдысқа салынып, оның бүлінуін, зақымдануын және (немесе) жойылуын болдырмайтындай етіп Өнім беруші буып-түйюі тиіс. Қаптама ешқандай шектеусіз қарқынды көтеру-тасымалдау өңдеуіне және тасымалдау кезінде, сондай-ақ ашық сақтау кезінде экстремалды температураның, тұз бен жауын-шашынның әсеріне төтеп беруі тиіс.

6.6. Өнім беруші сенімсіз қаптамамен және қате таңбалаумен байланысты барлық шығындар және/немесе ақаулар үшін толық материалдық жауапкершілікке ие.

7. Кепілдіктер және Сапа

7.1. Өнім беруші жеткізілетін тауарға қолданылатын белгіленген талаптарға сәйкес келетін жеткізілетін тауардың сапасына кепілдік береді. Өнім беруші осы Шарт бойынша жеткізілген тауарды қалыпты пайдаланған кезде, жеткізілген тауарда конструкциясына, материалдарына немесе жұмыспен байланысты ақауларының болмайтынына кепілдік береді.

7.2. Өнім беруші жеткізілген Тауарға Қабылдау-беру актісіне қол қойылған күннен бастап 12 ай белгіленген кепілдік мерзімі ішінде Тауардың сапасына кепілдік береді.

7.3. Егер кепілдік мерзімі ішінде тауардың ақаулары немесе оның шарт талаптарына сәйкес келмеуі анықталса, Тапсырыс беруші тиісті талаптар қойған сәттен бастап Өнім беруші өз есебінен 30 (отыз) күнтізбелік күні ішінде ақаулы тауарды жөндеуді/ауыстыруды жүзеге асыруға міндеттенеді.





- 7.4. Егер тауарды ауыстыру бойынша кідіріс өнім берушінің кінәсінен болса, онда кепілдік мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылады.
- 7.5. Жеткізілген тауардың сапасы және/немесе жиынтықтылығы мәселелері бойынша шағымды (жарнаманы) тапсырыс беруші кепілдік кезеңі ішінде өнім берушіге ұсынады. Өнім беруші шағымды (жарнаманы) алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қарауға міндетті. Егер Өнім беруші аталған мерзімде жауап бермесе, мұндай шағым (жарнама) Өнім беруші мойындаған болып саналады.
- 7.6. Кепілдік тауарды жеткізуді сүйемелдейтін техникалық құжаттамада көрсетілген тауарды пайдалану жөніндегі талаптардың бұзылуынан туындаған ақауларға қолданылмайды.
- 7.7. Ауыстырылған немесе жөнделген тауар үшін кепілдік мерзімі жөнделген және (немесе) ауыстырылған тауарды қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылған күннен басталады. Ақаулы тауарды жөндеу немесе ауыстыру бойынша барлық шығындарды және басқа да байланысты шығындарды Өнім берушіде көтереді.
- 7.8. Өнім беруші жаңа, пайдаланылмаған (пайдалануда) тауарды жеткізуді жүзеге асырады және жеткізілетін тауардың жоғары сапасына кепілдік береді. Тауардың саны, номенклатурасы мен сапасы сатып алынатын тауардың тізбесіне (Шартқа №1 қосымша), техникалық ерекшелікке (Шартқа №2 қосымша), тауардың әрбір түріне арналған нормативтік құжаттардың (МЕМСТ, СТ, ОСТ, ТУ, техникалық тәртіптеме және т.б.) талаптарына сәйкес келуі тиіс.

8. Тараптардың жауапкершілігі

8.1. Шарт бойынша міндеттерді орындамау және/немесе тиісті түрде орындамау үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

8.2. Өнім берушінің жауапкершілігі:

8.2.1. Шарттың талаптарына сәйкес Тауарлардағы елішілік құндылықтың үлесін есептемеген жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10% аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді;

8.2.2. Өнім беруші шартта көрсетілген тауарды жеткізу мерзімдерін кешіктірген жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге тауарды жеткізуді кешіктірген әрбір күнтізбелік күн үшін уақтылы жеткізілмеген тауар құнының 0,1% мөлшерінде, алайда орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% - нан аспайтын өсімпұл төлейді.

8.2.3. Өнім беруші Шарттың талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін шарт бойынша орындалмаған міндеттеме сомасының 0,1% мөлшерінде, алайда орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% - нан аспайтын өсімпұл төлейді.

8.2.4. Өнім беруші Шарттың талаптарына сәйкес СТ-KZ нысанындағы сертификатты ұсынбаған жағдайда, Өнім беруші шарттың жалпы сомасының 20% мөлшерінде айыппұл түрінде жауапкершілік көтереді, оны Өнім беруші тараптар жеткізілген тауарды қабылдауды - тапсыруды растайтын тиісті қабылдау – тапсыру актісіне қол қойғанға дейін төлеуі тиіс (Егер осы талап сатып алу тәртібінде / шарттарында көзделген болса осы тармақ қолданады).

8.2.5. Елішілік құндылық бойынша міндеттемелерді орындамаған не елішілік құндылық бойынша дәйексіз есептілікті ұсынған жағдайда, Өнім беруші шарттың жалпы сомасының 10% мөлшерінде айыппұл түрінде жауапкершілік көтереді.

8.2.6. Шарттың 9.3.3-тармақшасын қоспағанда, 9.3-тармақта көрсетілген негіздер бойынша шартты бұзған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасынан 10% мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлейді.

8.2.7. Өнім беруші шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқан немесе мүмкін болмаған жағдайда, шарттың 12-бөлімінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге шарттың жалпы сомасынан 10% мөлшерде айыппұл төлеуге міндетті.

8.3. Өнім беруші осы шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл, тұрақсыздық айыбы (айыппұл) сомасын (оның ішінде енгізілген шартты орындауды қамтамасыз ету сомасын/авансты қайтаруды, сондай-ақ Тапсырыс беруші алдындағы Өнім берушінің өзге сомасын) ұстап қалуға келісім береді, өсімпұл, тұрақсыздық айыбы сомасын ұстап қалу туралы Тапсырыс беруші Өнім берушіге шарттың 10.3-тармағының талаптарына сәйкес хабарлайды.

8.4. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

8.4.1. Шарт бойынша төлемдер (оның ішінде аванстық төлемдер) кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін берешек сомасынан 0,1% мөлшерінде, алайда орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан 10% - дан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

8.4.2. Өнім беруші ұсынған аванстық төлемді қамтамасыз етуді қайтару кідірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін аванстық төлем сомасының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлейді, бірақ аванстық төлем сомасының 10% - нан аспайды (егер осы талап сатып алу тәртібінде / шарттарында көзделген жағдайда осы тармақ қолданылады).

8.4.3. Өнім беруші ұсынған шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, алайда шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасының 10% - нан аспайтын өсімпұл төлеуге тиіс.





8.4.4. Тапсырыс беруші қабылдау-тапсыру актісіне қол қояды кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін кешіктірген сомдан 0,1% мөлшерінде, алайда орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасы 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

8.5. Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Сенімді емес әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) тізбесіне Өнім беруші туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға белгіленген тәртіппен ақпарат жібереді.

8.6. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

8.7. Тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды және/немесе айыппұлды) төлеу Тараптар тиісті хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде жүзеге асырады.

8.8. Тауарды уақтылы жеткізбегені немесе жеткізуден бас тартқаны үшін шарттың талаптарына сәйкес жеткізілетін тауардың тауар өндірушісіне есептелетін айыппұлдардың (өсімпұлдардың) жалпы мөлшері шарттың жалпы сомасынан 10% -дан аспауы тиіс.

8.9. Өсімпұл төлеу туралы талап жазбаша түрде тиісті түрде ресімделуі тиіс, олай болмаған жағдайда, тұрақсыздық айыбы есептелмейді және төленбейді.

9. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

9.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

9.2. Жобаға не сатып алу туралы жасалған шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын және/немесе Өнім берушіні таңдау үшін негіз болған ұсынысты өзгерте алатын өзгерістерді Тәртіптің тиісті тармағында(тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша енгізуге жол берілмейді.

9.3. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:

9.3.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

9.3.2. Өнім беруші өз міндеттемелерін бұзған кезде, сондай-ақ Тәртіпте айқындалған өзге де жағдайларда;

9.3.3. Тауарларды алудағы негізді орынсыздыққа байланысты, атап айтқанда:

9.3.3.1. төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқарған жағдайда;

9.3.3.2. тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының/байқау кеңесінің шешімі негізінде өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда (алқалы атқарушы орган/басқару органының байқау кеңесі/жоғары органы (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда.

Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Өнім берушіге нақты шеккен шығыстарды төлеген жағдайда жол беріледі.

9.3.4. Шарт тараптарының бірі шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде.

9.3.5. Өнім беруші тауарды жеткізуді (толық/ішінара жеткізуді) жүзеге асырудан бас тартқанда;

9.3.6. Өнім берушінің тауарды жеткізу мерзімдерін бұзғанда;

9.3.7. Өнім беруші Тапсырыс беруші үшін қолайлы мерзімде жойылуы мүмкін емес кемшіліктері бар жеткіліксіз жинақталған тауарды және (немесе) сапасыз тауарды жеткізгенде;

9.3.8. Өнім берушінің сапасыз тауарды ауыстыру мерзімдерін және (немесе) толық жинақталмаған тауарды толықтыру мерзімдерін бұзғанда;

9.3.9. Осы шартты орындау үшін қажетті Өнім берушінің рұқсат беру құжаттары болмағанда не қолданылу мерзімі аяқталғанда;

9.3.10. Тапсырыс беруші сүйенген шартты орындау үшін маңызы бар мән-жайлар туралы Өнім беруші дәйексіз куәліктерді бергенде;

9.3.11. Өнім берушінің Тапсырыс берушінің жазбаша келісімінсіз шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттемелерін қандай да бір үшінші Тарапқа бергенде;

9.3.12. Өнім беруші біреуге Шарттың мазмұнын немесе оның қандай да бір ережелерін, сондай-ақ шартты жасауға және (немесе) орындауға байланысты техникалық құжаттаманың, жоспарлардың, сызбалардың, модельдердің, үлгілердің немесе басқа ақпараттың мазмұнын ашқанда.

9.3.13. Егер Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындамаған жағдайда.

9.3.14. Егер Өнім беруші тауар өндірушіден авторланған хатты мерзімінде ұсынбаған жағдайда, онда Тапсырыс беруші белгіленген тәртіпте шарттан бас тартуға құқылы. (Егер осы талап сатып алу тәртібінде / шарттарында көзделген жағдайда, осы тармақ қолданылады).

9.4. Тапсырыс беруші шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тартқан кезде, Тапсырыс беруші Өнім берушіге шарттан бас тартудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 10 (он) күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада бас тарту себебі, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ шарттан бас тарту туралы хабарламаның күшіне ену күні көрсетілуі тиіс. Жоғарыда аталған





